



Облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы N 6/10 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 29 наурызда N 2942 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс денсаулық сақтау департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мен азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияны Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мен азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Б. Әділханов

Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

П а в л о д а р о б л ы с т ы қ
м ә с л и х а т с е с с и я с ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 4 н а у р ы з д а ғ ы
"Облыста н а ш а қ о р л ы қ қ а ж ә н е
есірткі б и з н е с і н е қ а р с ы к ү р е с т і ң

2005 - 2006 жылдарға арналған
бағдарламасы туралы" N 6/10

шешімімен бекітілген

**Облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің
2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасы**

1. Паспорт

Атауы:	Облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған Бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған стратегиясы туралы" N 394 жарлығы
Негізгі әзірлеушілер	Денсаулық сақтау, білім, ішкі саясат департаменттері; облыс спорт және дене шынықтыру, облыс ішкі істер басқармалары; облыс кедендік бақылау департаменті; облыс қоғамдық бірлестіктері, облыс, әкімінің ақпарат бөлімдері
Мақсаты	Облыста нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын нығайту
Міндеттері	Нашақорлықтың алдын алу, емдеу бағдарламаларын жүйесін, есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін жетілдіру, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту, есірткінің заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануды бақылау мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту, есірткіге қарсы насихатты жетілдіру, нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеудің, оңалтудың жаңа тұжырымдамалары мен әдістерін практикаға кеңінен енгізу;
Мақсаттары	Құқық қорғау, мемлекеттік, мемлекеттік және есірткі қарсы күрес қызметін үйлестіру
Қаржыландыру көздері	Облыстық бюджеттің, аудандар мен қалалар бюджеттерінің қаражаты, Қазақстан Республикасы заңнамасымен

тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері

Күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру есірткіні теріс пайдаланатын адамдарды анықтау пайызын арттыруға және олардың санын қысқартуға, есірткінің заңсыз кіруінің алдын алу мақсатында облыста кедендік және мемлекеттік шекараларын бақылауды күшейтуде, есірткі құралдары, психотроптық заттары мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтуға есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу, нашақорлықпен ауыратын адамдарды алдын алуға, оларды емдеу мен оңалтуға, сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының шығындарды оңтайландыруға, нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту әдістемелерін жетілдіруге мүмкіндік береді

2. Кіріспе

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған Бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің басым ретінде айқындалған Елбасының Қазақстан халқына "Қазақстан 2030" "Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" деген Жолдауына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған Стратегиясының негізінде әзірленді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазіргі уақытта Павлодар облысындағы, есірткі қылмыстылығы қатаң маңызды мәселе болып табылады. Соңғы бес жыл ішінде есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтыну айтарлықтай көбейді. Статистикалық деректерге сәйкес, нашақорлықтан емделген адамдардың саны 6 есе көбейді; 1999 жылы нашақорлықтан 53 адам, 2004 жылдың 12 айында 425 адам емделді. Есірткі құралдарын медициналық емес пайдаланатын адамдардың саны да арта түсті: 1999 жылы нашақорлық бойынша 2356 адам есепте тұрған болса, ал қазіргі уақытта олардың саны 3554 адам құрайды.

2004 жылдың 12 айы ішінде, облыс аумағында есірткі қылмыстарына

жасалған талдау жалпы есірткі құралдарының, психотроптық заттарды мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты есірткі қылмыстарының ашулы 3,7% азайғанын, ал олардың сату жағдайы 2,0% бойынша артқанын көрсетеді.

Өткен мерзімде заңсыз айналымынан 83 кг аса түрлі есірткі құралдары алынды, 229 материалдар сотқа жіберілді, қылмыстың осы түрі бойынша ағымды жылда 175 адам айқындалды, олардың ішінде 170 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Есірткі қылмысы, негізінен, Екібастұз және Ақсу облыстық орталық қалаларында, сондай-ақ Железин, Ертіс, Павлодар және Шарбақты облыс аудандарында көп тараған.

Нашақорлыққа қарсы күресуге құқық қорғау органдарын ғана емес және де оқу, медициналық, қаржыландыру мекемелерін, ғылыми саласының мамандарын жұмылдыру қажет.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты облыста нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың негізгі буындардың жүйесін күшейту болып табылады.

Бағдарламаның аса маңызды міндеттерінің қатарында: нашақорлықтың алдын алу, одан емдеу жүйесін нығайту және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құру; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту; есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту; есірткіге қарсы насихатты жетілдіру.

5. Бағдарламаның іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Осы бағдарламаны іске асыру: бұқаралық ақпарат құралдары арқылы облыстық деңгейде есірткіге қарсы іс шараларды жүргізу жолымен нашақорлыққа қоғамдық иммунитетті қалыптастыруға;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымын бақылаудың тиімділігін көтеруге;

нашақорлықпен, уытқұмарлықпен ауыратын тұлғаларға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруды нығайтуға, оны көрсету кезінде оңалту бағдарламаларын, алдын алу бағдарламаларын әзірлеу мен енгізу жолымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, облыста "сенім телефондарын" және жұмысын ұйымдастыруға

;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнатуға;

есірткі бизнесіне қарсы күрес ақпаратымен тәжірибесімен және әдістерімен алмасу үшін ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер өткізуге нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеудің оңалтудың, жаңа тұжырымдамалары және емдеу әдістерін практикаға кеңінен енгізуге;

есірткі құралдарының, психотроптық заттары мен прекурсорлардың айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолданалатын және қолдануға бейім адамдардың алдын алу, оларды емдеу мен оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға;

облыста есірткі ахуалының жай-күйі мен даму үрдісін талдау нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселесінде стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындауға бағытталған.

6. Қаржыландыру көздері

Осы Бағраманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар облыстық бюджет есебінен сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:

есірткіні тұтынатын адамдарды анықтау пайызын арттыруға және олардың санын қысқартуға, есірткінің заңсыз кіруіне жол бермеу мақсатында облыстың кедендік және мемлекеттік шекараларын бақылауды күшейтуге;

нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту әдістемелерін жетілдіруге;

есірткіні теріс пайдаланатын жастар, балалар және жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алудың өңіраралық денешынықтыру орталықтарын, оңалту орталықтарын құруға және олардың жұмыс істеуін қамтасыз етуге қол жеткізуге мүмкіндік береді;

Бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау, барлық мүдделі қызметтер мен ведомстволардың жергілікті атқарушы органдардың облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресетін кешенді шараларын қамтамасыз ету жөніндегі мүмкіндіктерін толық көлемде қолдануға мүмкіндік береді.

8. Облыста нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N р/с	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуы- на жауап- тылар	Орында- лу мерзімі	Болжам ды шығыс- тар	Қаржы ланды- ру көзде- рі
1	Халықаралық наша қорлыққа қарсы күрес күніне арналған мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша облыс ішкі саясат, денсаулық сақтау, білім департаменттері, дене шынықтыру және спорт басқармасы, қалалар мен аудандар әкімдері	2005-2006 жылдар	Тиісті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Республикалық және жергілікті бюджеттер
2.	Демалыс және жастардың бос уақытын өткізу бұқаралық қатынас орындарында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тарату және пайдалануды тоқтату мақсатымен мақсатты жедел сақтандыру іс-шараларын өткізуді жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат Жеке жоспар бойынша тиісті іс-шаралар	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар		Қаржыландыруды қажет етпейді
3	Кәмелетке толмағандардың арасында есірткі құралдарына байланысты құқық бұзуды анықтау мақсатында "Жасөспірім" атты жедел-алдын алу операциясын өткізуді жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар		Қаржыландыруды қажет етпейді
4.	Медициналық ұйымдарда және өнеркәсіптік	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы	2005-2006 жылдар		Қаржыландыруды

	кәсіпорындарында есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды ұрлауды, есепке алу, сақтау және босату ережелерін бұзуды анықтауға және оның алдын алуға бағытталған "Допинг" атты жедел-алдын алу операцияларын өткізуді жалғастыру		(келісім бойынша)		қажет етпейді
5	Өндіруге тыйым салынған құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсіруімен айналысатын адамдардың қызметін айқындау мен тоқтату мақсатымен "Мак" атты жедел-алдын алу операциясын өткізуді жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат Жеке жоспар бойынша тиісті іс-шаралар	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді
6	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды мен прекурсорларды шекара арқылы заңсыз тасуды айқындау мен тоқтату мақсатымен "Канал" атты жедел-алдын алу операциясын өткізуді жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) облыс бойынша кедендік бақылау департаменті (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді
7.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері бойынша Ресей Федерациясының шекаралас арқылы қорғау органдары мен ынтымақтастықты жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	2005-2006 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді

					қажет етпейді
8.	Есірткі құралдарын медициналық емес бағытта пайдаланатын әрбір адамға, әлеуметтік паспорт, картотека, электрондық деректер базасын құру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	Деректерді айналымын толықтыру	Қаржыландыруды қажет етпейді
9.	Қоғамда, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, темекі мен аракты тұтынуды тұрақты жағымсыздандыру және айыптау мақсатымен белгілі спортшылармен, ғылым және мәдениет қайраткерлерімен кездесу ұйымдастыруды тәжірибеге енгізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім, ішкі саясат департаменттері, дене шынықтыру және спорт басқармасы	Тоқсан сайын	Қаржыландыруды қажет етпейді
10.	Жалпы білім беретін мектеп, кәсіптік мектеп (лицей) және колледж оқушыларының арасында "Жастар және есірткі құралдары", "Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері", "Есірткі және отбасы" тақырыбындағы талқылаулар, шығармашылық жұмыс байқауларын негізінде өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім, денсаулық сақтау департаменттері	Тоқсан сайын	Қаржыландыруды қажет етпейді
11.	Жасөспірімдермен жастардың арасында нашақорлықтың алдын алу және	Облыс әкіміне ақпарат.	Облыс білім, денсаулық сақтау,	Тоқсан сайын	Қаржыландыру

	сактандыру, балаларды тәрбиелеудегі облысының рөлін арттыру мақсатында "дөңгелек үстелдер", конференциялар, пікірсайыстар, семинарларды ұйым дастыру	Тиісті іс - шаралар	ішкі саясат департамент тері, қала лар мен аудандар әкімдері			д ы қажет етпейді
12.	Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ете отырып "Жастар есірткіге қарсы", "Мектептер, колледждер , жоғары оқу орындары - білім, жоғары мәдениет пен адамгершіліктің осақтары", "Есірткісіз болашақ үшін" атты акцияларын өткізу	Облыс әкіміне ақпа- рат. Тиісті іс - шаралар	Облыс білім, денсаулық сақтау, ішкі саясат департамент тері, облыстық қоғамдық бірлестік тері (келісім бойынша) қалалар мен аудандар әкімдері	2005- 2006 жылдар		Қазақ тан Респуб ликасы ның заңнама сымен салынба ған көздер
13.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері бойынша мектеп директорларының, директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының, сынып жетекшілерінің, валеология мұғалімдерінің бөліктілікті арттыру курстарын да оқуын ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпа- рат. Тиісті іс - шаралар	Облыс денсаулық сақтау, білім департамент тері	2005- 2006 жылдар	Бюджетте көзделген қаражаттар шегінде	Жергі лікті бюджет
14.	"Туризм есірткіге қарсы!" ұранымен оқушылар арасында облыстық туристік жарыстарын өткізу	Облыс әкіміне ақпа- рат. Тиісті	Облыс дене шынықтыру және спорт басқармасы, алалар мен	2005- 2006 жылдар	Бюджетте көзделген қаражаттар шегінде	

іс - аудандар
шаралар әкімдері

Жергі

						лікті бюджет
15.	Облыс аумағында есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз кіргізу, сақтау және сату жөніндегі іс-шараларды құқық қорғау органдарымен бірлесіп жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат. Тиісті іс-шаралар	Облыс бойынша кедендік бақылау департаменті (келісім бойынша), облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)	Ұдайы	Бюджетте көзделген қаражаттар шегінде	Республикалық бюджет
16.	"Қатерлі топтар" тізімдерінде тұрған кәмелетке толмағандардың денешынықтыру және спортпен шұғылдануын ұйымдастыру үшін облыс қалалары мен аудандарының әрбір ықшам ауданында жаңа аулалық және жасөспірімдер клубтарын құру	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері	Ұдайы		Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған көздер
17.	Тұрғылықты жері бойынша қарапайым спорт алаңдарын қайта құру, құрылысын ұйымдастыру, оларды қажетті спорт мүккәмалы және жабдықтарымен жарақтандыру	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері	Ұдайы		Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған көздер
18.	Есірткіні алғашқы пайдалануын және жастардың есірткінің зияны жөніндегі хабардар болуын анықтау мақсатында облыс оқу орындарында жасырын сауалнама өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс денсаулық сақтау, білім департаменттері	2005 жыл		Қаржыландыруды қажет етпейді
19.						

Тұрғындардан есірткіні сату, есірткіні сатушылардың шоғырланған жері жөніндегі ақпаратты алу мәселелерінде қоғамдық бірлестіктердің мүмкіндіктерін пайдалану. Қоғамдық бірлестіктер мен құқық қорғау органдарының наша қорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелерінде өзара іс-қимыл жасасуын, жұмыс жасалған материалдардың бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуын қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс ішкі істер басқармасының есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы (келісім бойынша), облыс ішкі саясат департаменті, қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	Қаржыландыруды қажет етпейді
--	-----------------------	--	------------------------------